

"Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 сәуірдегі N 381 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы

Осы Заң стратегиялық маңызы бар экономика саласындағы жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру процесінде туындайтын қоғамдық қарым-қатынастарды реттейді, сондай-ақ оны жүргізудің негіздері мен шарттарын анықтайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі

1. Стратегиялық маңызы бар экономика саласындағы жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі (бұдан әрі - меншіктің мемлекеттік мониторингі) - жеке меншік қарым-қатынастарын реформалау, экономиканы және жекешелендіруді мемлекет иелігінен алу бірыңғай мемлекеттік саясатының бірыңғай негізгі құрамы.

2. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі тұрақты экономикалық дамуды болжамдау және реттеу жүйесінің элементі болып табылады, еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ақпараттық-талдау функцияларын орындайды.

3. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі шаруашылық субъектілердің қызметін тексеру мақсатының соңына түспейді.

2-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) мемлекеттік экономикалық саясат - елімізде экономикалық өнімді өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну, жинақтау, экспорттау, импорттау саласында мемлекет жүргізетін ш а р а л а р д ы ң ж и ы н т ы ғ ы ;

2) жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі - стратегиялық маңызы бар экономика саласындағы жеке меншік объектілерінің жеке меншік және тиімді басқару құрылымын бақылау, ақпарат алу, талдау, бағалау және болжамдау;

3) мониторинг объектілері - стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы меншіктің мемлекеттік объектілері және жекешелендірілген объектілер;

4) стратегиялық маңызы бар экономика салалары - отын- энергетикалық пайдалы қазбалар (көмір, газ, мұнай, уран) мен метал кеніштерін өндіру және қайта өңдеу, машина жасау, химия өнеркәсібі, көлік және байланыс, электроэнергия өндірісі және үлестіру, сондай-ақ әскери-өнеркәсіптік тағайындалымдағы өкімдерді өндіретін с а л л а р ;

5) әлеуметтік-экономикалық болжамдау - экономикалық үрдістің негізгі көрсеткіштерінің мүмкін болар бет алысын (экономикалық өсу қарқынын, құрылымдық қозғалыстарды, инфляцияларды, ұдайы өндірудің тиімділігін), келешектегі - қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді кезеңге ғылыми-техникалық, әлеуметтік және экологиялық дамуды алдын алу;

6) уәкілетті мемлекеттік орган - берілген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік мониторинг жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) жеке меншікті басқару - жеке меншікке иелену, пайдалану, билік ету өкілеттіктерін жүзеге асыру;

8) ұйымды басқару - ұйымның мақсаттарын қалыптастыру мен қол жеткізу үшін қажетті, жоспарлау, ұйымдастыру, уәждемелеу мен бақылауды қамтитын і с - қ и м ы л д а р д ы ң к е ш е н і ;

9) экономикалық тиімділік - жұмсалған ресурстарға алынған нәтиженің ара қатынасымен сипатталатын экономикалық қызметтің бағалауыш көрсеткіштері;

10) басқару тиімділігі - стратегиялық маңызы бар Қазақстан Республикасының экономика салаларында жеке меншікті басқару мақсаттары мен нәтижелерінің арасындағы ара қатынасты сипаттайтын көрсеткіштер.

3-бап. Қазақстан Республикасының жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі аясындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады .

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан басқа өзге де ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

4-бап. Жеке меншік мемлекеттік мониторингінің мақсаттары мен міндеттері

1. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің мақсаттары Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз

е т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Мемлекеттік мониторингтің міндеттері:

- 1) стратегиялық маңызы бар мемлекеттік меншіктің объектілерін және жекешелендірілген объектілерді тиімді басқаруды арттыру;
- 2) стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы жеке меншіктің құрылымын оң т а й л а н д ы р у ;
- 3) мемлекеттің экономикалық өсуін, экономикаға болуы мүмкін теріс факторлар әсерінің барынша төмендеуін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасау, инвестициялардың ұлттық экономикаға ағынына ықпал ету;
- 4) елдің ресурстық-энергетикалық негізін сақтау және нығайту, стратегиялық ресурстардың пайдаланылуына мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру;
- 5) уәкілеттік берілген мемлекеттік органның, орталық атқарушы органдардың немесе жеке меншігінде немесе басқаруында тексерілетін ұйымдары бар тұлғалардың бірлескен бағдарламалар мен жекелеген кәсіпорындардың және/немесе экономика салалары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- 6) мемлекеттік басқаруда тұрақты жаңарып отыратын экономикалық ақпараттың негізінде болжамдаудың рөлін күшейту, экономикалық болжамдардың шынайылығын, экономикалық саясаттың ғылыми негіздемесін қамтамасыз ету үшін жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің деректерін пайдалану;
- 7) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған макроэкономикалық, салалық және аймақтық жоспарлауды ақпараттық қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 8) мемлекеттің өндірістік, құрылымдық, институционалдық, салықтық, қаржылық, бағалық саясатын қалыптастыру, түзету және іске асыру кезінде меншіктің мемлекеттік мониторингінің деректерін пайдалану;
- 9) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін оқиғаларды алдын алу, экологиялық, өндірістік және техногендік апаттарды болдырмау;
- 10) экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында жекешелендірілген объектілерді жекешелендіруден кейінгі қолдау;
- 11) мемлекеттік иеліктен алу, жекешелендіру, монополиясыздандыру процестерін ақпараттық-талдамалы қамтамасыз ету болып табылады.

5-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу саласындағы басқару органдары

1. Мемлекеттік мониторингті жүргізу аясында басқару органдары болып Қазақстан Республикасының Үкіметі және олар анықтайтын мониторингті жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган табылады.

2. Өз қызметінде мониторингті жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік органдармен, заңды және жеке тұлғалармен, тәуелсіз сарапшылармен және кеңесшілермен өзара әрекет етеді.

6-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің принциптері

Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің принциптері:

- 1) жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылығын сақтау;
- 2) жүргізілетін қадағалаулардың, зерделеудің, талдаудың және бағалаудың жинақтығы, мерзімділігі, жүйелілігі, объективтілігі, шынайылығы және жетімділігі;
- 3) тәуелсіз сараптау бағалауларының әдісін пайдалануды қоса алғанда мониторинг объектілерін зерттеудің түрлі әдістерінің ұқсастығы болып табылады.

7-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі түрлері

Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің түрлері болып мыналар табылады:

- 1) стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы жеке меншік нысандары құрылымының мониторингі.

Жеке меншік нысандары құрылымының мониторингі стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы мемлекеттік және жеке, ұлттық және шетелдік жеке меншіктің ара қатынасының процесстерін, заңды тұлғалардың түрлі ұйымдастыру-құқықтық нысандарын іріктеуге, сондай-ақ жеке меншік нысандарының құрылымын оңтайландыруға бағытталған;

- 2) стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы мемлекеттік меншік объектілерін басқару тиімділігінің мониторингі.

Мемлекеттік меншік объектілерін басқару тиімділігінің мониторингі мемлекеттің меншік құқығының субъектісі ретіндегі құқықтылықтарын пайдалануға негізделген және стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы мемлекеттік сектордың жұмыс істеу тиімділігін арттыруға бағытталған;

- 3) стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы жекешелендірілген объектілерді басқару тиімділігінің мониторингі.

Жекешелендірілген объектілерді басқару тиімділігінің мониторингі мемлекет иелігінен айыру және жекешелендірудің мемлекеттік саясатын іске асыру, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Мониторинг сатып алушылардың қабылдаған инвестициялық және өзге міндеттемелерін сөзсіз орындаумен жекешелендіру мәмілелерін аяқтауға, мемлекеттің өнеркәсіптік әлеуетін сақтауға және нығайтуға және оның өндірістік күштерін дамытуға бағытталған.

8-бап. Мемлекеттік меншік объектілері мен жекешелендірілген объектілерді басқару тиімділігінің мониторингі

1. Мемлекеттік меншік объектілерін басқарудың тиімділігі мониторингі мыналарға:
 - 1) мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерге;
 - 2) қатысу үлестері мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларға;
 - 3) мемлекеттік меншік болып табылатын, оның ішінде сенімді басқарудағы, жалға берудегі мүліктің барлық түрлеріне қатысты жүзеге асырылады.

2. Жекешелендірілген объектілерді басқару тиімділігінің мониторингі мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру рәсімдеріне ұшыраған бұрын мемлекеттік меншікте болған стратегиялық маңызы бар экономика салаларының кәсіпорындарына қатысты жүзеге асырылады.

9-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің қатысушылары

Мыналар мемлекеттік мониторингтің қатысушылары болып табылады:

- 1) уәкілетті мемлекеттік орган;
- 2) орталық және атқарушы органдар;
- 3) жеке меншігінде не басқаруында мониторинг объектілері бар тұлғалар;
- 4) мониторингті жүргізуге заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган тартатын консалтингтік қызметтерді көрсету саласында маманданатын ұйымдар, тәуелсіз сарапшылар мен консультанттар.

10-бап. Шетелдік кәсіпорындар мен шетелдік қатысуы бар кәсіпорындарға қатысты жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру

1. Стратегиялық маңызы бар экономика салаларында шетелдік кәсіпорындар мен шетелдік қатысуы бар кәсіпорындарға қатысты жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына тиесілі меншік объектілеріне қатысты шарттарды және тәртіппен жүргізіледі.

2. Меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен шетелдік инвесторларға берілген кепілдіктерді сақтау қамтамасыз етіледі.

11-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің мазмұны мен мәні

1. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің мазмұнын мыналар құрайды:

- 1) мониторинг объектілерін басқарудың жағдайы мен тиімділігін бақылау;
- 2) мониторинг мәні жөніндегі ақпаратты мерзімді жинау;
- 3) мониторинг объектілерінің әлеуметтік-экономикалық, қаржылық, құқықтық, технологиялық, өндірістік-техникалық, экологиялық жай-күйін талдау;
- 4) мониторинг объектілерін басқару тиімділігінің тікелей зерттеу және бағалау;
- 5) стратегиялық маңызы бар экономика салаларының, аймақтар мен республика экономикасының дамуына мониторинг объектілері қызметінің әсерін бағалау және б о л ж а у ;

6) уәкілетті мемлекеттік органның, орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ меншігінде не басқаруында мониторинг объектілері бар тұлғалардың жекелеген кәсіпорындар мен/немесе экономика салаларының қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған бірлескен шараларды әзірлеуі.

2. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің мәніне мынадай мәселелер жатады:

- 1) өндірістің серпіні мен құрылымы;
- 2) мониторинг объектілерінің қаржылық және экономикалық жай-күйі, экономикалық қатынастардың серпіні;

3) мониторинг объектілерінің негізгі қорларының жай-күйі, өндіріске алдыңғы технологияларды енгізу;

4) инвестициялық қызмет;

5) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;

6) еңбек ресурстарын пайдалану;

7) мониторинг объектілерінің мәртебесі мен жұмыс істеуіне жататын құқықтық мәселелер.

12-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру кезіндегі кепілдіктер

Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру кезінде мыналар: жеке меншікке қол сұғылмаушылыққа; жедел басқаруға және өндірістік-шаруашылық қызметке араласпаушылыққа; мониторинг объектілерінің ағымдағы қызметінің бұзылуын жібермеу; мемлекеттік құпияларға жатқызылған және/немесе заңмен қорғалатын құпия мәні болып табылатын және зерттеу барысында жария болған деректердің құпиялығын сақтауға;

қолданылып жүрген заңдармен берілген басқа кепілдіктер мен құқықтардың сақталуына кепілдік беріледі.

2-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мониторинг саласындағы мемлекеттік органдарының құзыреті

13-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органды анықтайды;

2) уәкілетті органның ұсынымы бойынша оларға қатысты басқару тиімділігінің мониторингі жүзеге асырылатын стратегиялық маңызы бар экономика саласының жекешелендірілген кәсіпорындардың тізбесін бекітеді;

3) мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты әзірлеу және түзету кезінде меншіктің мемлекеттік мониторингінің деректерін пайдаланады;

4) мониторинг объектілерін зерттеу нәтижелері бойынша экономикалық, қаржылық, салықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы кәсіпорындардың экономикалық тиімділігін сақтауға, сауықтыруға және арттыруға бағытталған өзге де шараларды пайдаланады;

5) стратегиялық маңызы бар экономика саларында жеке меншік құрылымын оңтайландыру үшін жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің деректерін пайдаланады.

14-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Меншіктің мемлекеттік мониторингі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган:

1) оларға қатысты басқару тиімділігінің мониторингі жүзеге асырылатын стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесін анықтайды;

2) оларға қатысты басқару тиімділігінің мониторингі жүзеге асырылатын стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы жекешелендірілген кәсіпорындардың тізбесін бекітуге Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

3) сенімді және объективті талдау жүргізу үшін жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің мәні және өзге де өлшемдері жөніндегі ақпаратты сұратады және алады ;

4) стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы болған өзгерістерді және өндіруші күштердің даму болжамын талдау мақсатында негізгі өндірістік-техникалық, технологиялық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге өлшемдері бойынша мониторинг объектілерін іріктейді;

5) стратегиялық маңызы бар экономика салаларында жеке меншік нысандарының құрылымын оңтайландыруға қажеттілікті анықтайды;

6) жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз етуді және үйлестіруді жүзеге асырады;

7) өз құзыретінің шегінде меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру саласында нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

8) меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізудің жоспары мен бағдарламасын б е к і т е д і ;

9) жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің мәні жөніндегі ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыра отырып, мониторинг объектілерінің жүйелік зерттеулерін ө т к і з у д і ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

10) өнеркәсіптік әлуетті сақтауға және нығайтуға теріс әсер ететін факторларды уақытылы анықтау мақсатында мониторингтің мәні жөніндегі ақпаратты, елдің және аймақтар экономикасының ресурстық-энергетикалық негізін, бірыңғай коммуникациялық және энергетикалық жүйелерді талдауды жүзеге асырады; экономика саласында теріс процестердің алдын алу және болдырмау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;

11) мемлекеттік мониторинг жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік бюджеттік қаржы бөлулердің көлемін негіздейді;

12) мониторинг объектілерін тікелей зерттеуге, мониторинг мәніне жатқызылатын ақпаратты жинау мен талдауға қатысу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін тартуға құқылы;

13) Қазақстан Республикасының орталық және мемлекеттік атқарушы

органдарынан, сондай-ақ мониторинг объектілерінен жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратады және а л а д ы ;

14) қолданыстағы заңнамаға сәйкес олардың қызметін сатып алуды жүргізе отырып мониторинг объектілерін зерттеу, ақпаратты жинау және талдау, тәуелсіз сарапшылардың және консультанттардың ұсыныстарын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жү р г і з у ү ш і н т а р т а д ы ;

15) танысу үшін ұсынылатын ақпаратты зерттеу және тізбесін жүргізу тапсырылған тұлғаны көрсете отырып зерттеуді жүргізу туралы мониторинг объектісінің б а с ш ы л а р ы н х а б а р д а р е т е д і ;

16) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, сондай-ақ мүдделі министрліктерге, ведомстволарға, агенттіктерге және өзге де мемлекеттік органдарға меншіктің мемлекеттік мониторингінің нәтижелері жөнінде талдап қорытылған талдамалы жазбалар, даму болжамдары мен ұсыныстарды мерзімді ұсынады;

17) мониторинг объектілерін зерттеу нәтижелерімен осы объектілер бар меншіктегі немесе басқармадағы тұлғаларды таныстырады;

18) қажет болған жағдайда орталық атқарушы органдармен мониторингтің объектілері бар меншіктегі немесе басқармадағы тұлғаларымен кәсіпорынның экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды әзірлейді;

19) жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің бірыңғай республикалық деректер базасын жүргізеді.

15-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі саласында орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Орталық және мемлекеттік атқарушы органдар өз құзыретінің шегінде:

1) жеке меншік мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға ұсынады;

2) уәкілетті мемлекеттік органның бастамасы бойынша мониторинг объектілерін тікелей зерттеуге, жеке меншік мемлекеттік мониторинг мәніне жататын ақпаратты жинау және талдауға қатысу үшін тартады;

3) әлеуметтік-экономикалық процестерді басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін меншіктің мемлекеттік мониторингінің деректерін пайдаланады;

4) мемлекеттік меншік және оларға қатысты басқару тиімділігінің мониторингі жүргізілетін стратегиялық маңызы бар экономика салаларының жекешелендірілген кәсіпорындар объектілерінің тізбесін анықтауға қатысады;

5) жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты өңдеу және түзету жөнінде, стратегиялық маңызы бар экономика салаларында жеке меншік нысандарының құрылымын оңтайландыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3-тарау. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін енгізуді ұйымдастыру

16-бап. Тәуелсіз сарапшылар мен консультанттардың міндеттері мен құқықтары

1. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін енгізу жөніндегі жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін тартылатын тәуелсіз сарапшылар мен консультанттардың құқықтары мен міндеттері осы жұмысты жүргізуде тиісті білімі мен тәжірибесі бар құқықтық, қаржылық-экономикалық, техникалық және технологиялық талдау саласындағы қорытындылар мен нұсқаулықтарды зерттеу, консультациялау, өңдеу жөнінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

2. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін енгізу жөніндегі жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін тартылатын тәуелсіз сарапшылар мен консультанттар:

1) кешенді, әділ және сапалы талдау жүргізуді, дәлелденген есеп пен қорытындыны уақтылы дайындауды қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік мониторинг туралы заңнаманың талаптарын сақтауға;

3) оларға берілген құжаттар мен материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге;

4) заңмен қорғалатын құпияларды қамтитын құпия мәліметтерді, деректерді таратуға жол бермеуге міндетті.

3. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін енгізу жөніндегі жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін тартылатын тәуелсіз сарапшылар мен консультанттар:

1) мониторинг жоспары мен бағдарламасына сәйкес мониторинг объектілерін тікелей зерттеуге;

2) жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттамаға қол жеткізуге;

3) мониторинг объектісі туралы қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқығы бар.

4. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізуге тартылған тәуелсіз сарапшылар мен консультанттардың өзге де міндеттері мен құқықтары уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған шарт талаптарымен анықталады.

17-бап. Тәуелсіз сарапшылар мен консультанттардың жауапкершілігі

Меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы заңнаманы, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органмен шарт талаптарын бұзғаны үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.

18-бап. Қызметі мониторингтің мәні болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің міндеттері мен құқықтары

1. Оларға қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын шаруашылық жүргізуші субъектілері сенімді және әділ талдау үшін қажетті ақпаратты

тиісті өкілеттіктері бар уәкілетті мемлекеттік органға және/немесе оның сенімді тұлғаларына ұсынады.

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілер жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыратын тұлғаларға жеке меншіктің тексерілетін объектілеріне кіру рұқсатын қамтамасыз етуге міндетті және осы тұлғалардың заңды қызметіне кедергі жасамауы тиіс.

3. Шаруашылық жүргізуші субъектілер:

1) мониторинг объектілеріне қатысты жазбаша немесе ауызша түсіндірмелер, ескертулер мен ұсыныстарды беруге;

2) мониторинг объектілерін тексеру нәтижелері бойынша алдын-ала және түпкілікті қорытындылармен танысуға;

3) меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте уәкілетті мемлекеттік орган, тәуелсіз сарапшылар мен консультанттардың іс-әрекетіне шағым беруге құқығы бар.

19-бап. Мемлекеттік мониторингтік электрондық деректер қоры

1. Жеке меншік мемлекеттік мониторингтің электрондық деректер қоры мониторинг объектілері туралы қысқаша құқықтық, техникалық және экономикалық ақпаратты қамтиды. Оны жүргізуді уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Жеке және заңды тұлғалар туралы тіркелімдер мен ақпараттық деректер қорын құратын және жүргізетін мемлекеттік органдар және олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары өтеусіз негізде жеке меншік мемлекеттік мониторингінің электрондық деректер қорын қалыптастыру және жаңарту үшін қажетті ақпаратты мониторинг жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органға береді.

3. Мемлекеттік мониторингтің ақпаратына қол жеткізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік орган ұсынады.

20-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру

1. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингі: үш жылда кемінде бір рет жүргізілетін мониторинг объектілерін базалық кешендік тексерулері, ал мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп келтіретін жағдайларда - қажет болғанда, бірақ жылына кемінде бір реттен жиі емес; мониторинг объектілерінің қызметі бойынша ақпаратты мерзімдік жедел жинауды - қажет болғанда, бірақ жылына бір реттен тиіс емес өткізу жолымен жүзеге асырылады.

2. Мониторинг объектілерінің базалық кешендік зерттеулері:

1) мониторинг объектілері, қоршаған ортаны қорғау қызметінің және табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың өндірістік-техникалық, технологиялық, инвестициялық, қаржылық-экономикалық, құқықтық параметрлер жөніндегі ақпаратты жинауды және жүйелік талдауды;

2) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп келтіретін жағымсыз процестерді ескерту және жеңу жөніндегі нұсқаулықтарды өңдеу мақсатында мониторинг

объектілерін басқарудың тиімділік жағдайын бағалауды, жағдайдың өзгеруін болжауды ;

3) техниканы, ұйым технологияларын дамыту болашағын сараптама бағалауды;

4) оларды дамытудағы тенденциялар мен болжамдарда мониторинг объектілерінің жағдайы туралы қажетті ақпаратпен орталық және жергілікті мемлекеттік органдарды қамтамасыз етуді өзіне қамтиды.

3. Ақпаратты кезеңдік жедел жинау мониторинг объектілерінің жұмыс істеу және оны басқару тиімділігінің кешенді жүйелік зерттеулер арасындағы кезеңдерде объектілер қызметі бойынша жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің негізгі деректерін ағымдағы жаңарту үшін арналды.

4. Мониторинг объектілерін зерттеу жеке меншіктің мемлекеттік мониторинг мәніне жататын жекелеген немесе барлық мәселелер бойынша жүргізілетін болады.

21-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің деректерін пайдалану

1. Мемлекеттік органдар :

экономиканың мемлекеттік секторын тікелей басқаруды;
жеке меншіктің қарым-қатынастарын мемлекеттік реттеуді;
мемлекеттік экономикалық болжамдауды және бағдарламалауды;
өндірістік саясатты ;

инвестициялық, құрылымдық, институционалдық, салықтық, ақшалай-кредиттік, баға саясатын және мемлекеттік экономикалық саясаттың басқа элементтерін;
қорғауды мемлекеттік реттеу мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
сыртқы экономикалық қызметті реттеуді;

мемлекеттің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру кезінде жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің деректерін экономиканы реттеу жөніндегі мемлекеттің функцияларын ақпараттық-талдамалы қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланады.

2. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингінің нәтижелері уәкілетті органның, министрліктердің және өзге орталық атқарушы органның, сондай-ақ жеке меншігінде не басқармасында тексерілетін ұйымдары бар тұлғалардың жекелеген кәсіпорындардың және/немесе экономика салалары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен шараларды әзірлеу үшін негіз бола алады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

22-бап. Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру

Жеке меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

23-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК